2024-2025 оқу жылындағы Еркіндік жалпы білім беру мектебі бойынша мектеп психологтың I тоқсанда атқарған жұмысының
е с е б і

Психологиялық қызметтің басты мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

1) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
2) Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
3) Әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке базы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
4) Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
5) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;

Мектептің психологиялық қызметінің негізгі жұмыс бағыттары:

- Психологиялық диагностика
- Консультация
- Дамытушылық-түзету жұмыс
- Психологиялық-педагогикалық ағарту
- Ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет

Психологиялық қызмет екі ауысым бойынша жұмыс жүргізілді:

- I ауысым – 0,1,4,6,7,8,9,10,11- сыныптар
- II ауысым 2,3,5- сыныптар

Оқу жылы	**Оқушылар саны**	Сыныптар											
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2024-2025	95	5	9	8	5	10	12	9	11	14	5	4	6

Психодиагностикалық жұмыстар:
Оқу жылында қыркүйек айында 1, 5 және 10 сыныптармен бейімделу жұмыстары жүргізіледі. Оқушыларды бақылау мақсатында сабақтарға қатысу, сынып жетекшісімен тығыз байланыста болу, оқушылармен жеке профилактикалық әңгімелер жүргізу жұмыстары атқарылды.

1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуініе:
Оқушылардың мектепке қарым қатынасын анықтау;
"Мектеп" суреті тесті психоәлеуметтік жетілгендігін анықтау (даярлық, 1 сынып);
Керн- Ирасек тесті;
"Отбасы" әдістемесі:

5 сынып:

Орта буынға бейімделуін кешенді зерттеу (қарым -қатынас, өзін -өзі бағалау деңгейін;
Оқу мотивациясы;
Филлипстің мектепке үрейлену деңгейін саралау;

10 сынып
Бейімделуі;
"Климов "диферренциалды сауалнамасы;
Өзін -өзі бағалауы;

5-10 сыныптар:
Оқушыларының жеке эмоциялық жағдайын, агрессия деңгейін зерттеу, бақылау, (Дүниеде жоқ жануар);
Оқу мотивациясы;

Психокоррекциялық жұмыстар:

Даярлық сыныбына келген оқушылармен, мектепке жаңадан келген оқушылармен танысып, мектеп табалдырығын аттаған бірінші сынып оқушыларының ата- аналарымен "Баламды қалай мектепке дайындаймын" тақырыбында сабақ өтті. "Жетістікке жету өз қолында" Ұбт тапсыратын оқушылар және олимпиада, конкурстарға қатысатын оқушыларға үрей, қорқыныш сезімдерінен арылту мақсатында релакциялық жаттығулар, оқушылардың танымдық қабілетерін дамыту жаттығулары 5-сынып орта буынға бейімделу «Біз және біздің сынып» дамыту сабағы өтті . 5-сынып ата-аналарына балаларының орта буынға бейімделуіне психологиялық қолдау көрсетілді. 1-5-10 сынып ата- аналарымен сынып жетекшісімен тығыз байланыс жасалып отырды.

3. Психоағарту жұмыстары:

Мектептің ата- аналарымен ҚР Оқу ағарту министрлігінің №377 бұрық бойынша ата аналарға мектептегі психологиялық педагогикалық сүйемелдеу өткізіліп, ата- аналарды және өзге де заңды өкілдерді хабардар ету мақсатында оқу жылының басында ата- аналар жиналысы өтті. "Баланы мектепке оқуға бейімдеу"1-сынып оқушылары және "Бесінші сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері" ата -аналарымен ағарту жұмыстары, 11 сынып оқушыларымен ҰБТ-ге тиімді түрде дайындалу үшін «Уақытты ұтымды пайдалану» және сонымен қоса «Дұрыс тамақтанудың маңызы зор» тақырыбында дәрістер оқылды. «Қорқынышты қалай жеңуге болады?»тренингі. "Менің эмоцияларым" тақырыптарында ағарту жұмыстары жүргізілді.

4. Кеңес беру жұмыстары

1-сынып, 5-сынып, 9-сынып, 11-сынып оқушыларына, бейімделу және стресстік жағдайлардан шығу үшін кеңес берілді. ҰБТ алдындағы қорқыныш, мазасыздану деңгейлерін жою мақсатында кеңестер берілді. Сонымен қоса мектеп медбикесі мен бірлесе отырып қыз балалар жиналысында қыздарға үнемі кеңестер айтылып отырды.

Еркіндік жалпы білім беретін мектебінде I тоқсан бойында жоспарланған жұмыстардың көпшілігі жүргізілді. Сынып жетекшілермен үнемі байланыста болып бірлесіп жұмыстар атқарылды.

5. Ұйымдастыру -әдістемелік жұмыстар

Әлеуметтік педагог, сынып жетекшімен бірлесеіп оқушылардың деректер базасын құрып, педагогикалық кеңесте, мектепшілік ата аналар жиналысына қатысып баяндама жасалынды.

Мектеп директоры **А. А Амирова**

Орындаған Ыдырысова Қ. Ж